# QAZAQ UNIVERSITETI

Апталық
1948 жылдың
20 сәуірінен
шыға бастады

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ | WWW.FARABI.UNIVERSITY | №9 (1922) 11 НАУРЫЗ 2024 ЖЫЛ






# 8 Наурызға арналған салтанатты шара өтті

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде 8 Наурыз – Халықаралық әйелдер күніне орай, «Жаңа Қазақстан және гендерлік теңдік» атты салтанатты шара өтті.**

Кештің көркін ер адамдардан құралған университеттің оқытушылары мен профессорлары, факультет декандары, ректорат қызметкерлері келтіріп, оқу ордасындағы нәзік жандарға мерекелік көңіл күй сыйлады.

ҚазҰУ-дағы әйелдер қауымына ҚР ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек өз құттықтауын жолдады.

«Бүгінде Қазақстанда 22 мыңнан астам ғалым болса, соның 10 мыңға жуығын әйелдер қауымы құрайды. Сонымен қатар елімізде 47 859 оқытушы-профессорлық құрамы бар десек, соның 31 366-сы – арулар. Халықаралық мерекеде жүздеріңізде бақыттың нұры ойнауын, Ай сәулесінің тәтті түс болып тербеуін, армандарыңыздың бақ гүліне айналуын тілеймін», – делінген құттықтауда.

Салтанатты шарада Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев құттықтау сөз сөйлеп, әйелдер қауымының жоғары оқу орнындағы және қоғамдағы рөлін айрықша атап өтті.

Жалғасы 2-бетте




**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне TAV Airports персонал жөніндегі директоры Хакан Окер арнайы келіп, көшбасшылық дәріс оқыды.**

# IT мамандарын бірлесіп даярлайды



Кездесуге оқу ордасының басшылығы, оқытушы-профессорлар құрамы, жас ғалымдар, университеттің Ғылыми кеңес мүшелері қатысты.

Көшбасшылық дәрісті университет басшысы Жансейіт Түймебаев құттықтау сөзбен ашып, арнайы шақыртуды қабыл алып, университетке келгені үшін Хакан Окерге ризашылығын жеткізді.

«Хакан Окер – өте білімді, іскер азамат. Технология саласының дамуына айрықша үлес қосып, үлкен жетістіктерге жетті. Қазіргі таңда Алматы халықаралық әуежайын кеңейту жұмыстары жүріп жатыр. Осы жұмыстардың барлығын TAV Airports холдингі атқаруда. Әуежай кеңейетін болса, онда жұмыс істейтін мамандардың саны артатыны анық. Сондықтан алдағы уақытта халықаралық әуежай басшылығымен бірлесіп IT, инженер, техник мамандарын бірлесіп даярлау бойынша келісімдер жүргізетін боламыз», – деді ректор.



Сөз соңында оқу ордасының басшысы Жансейіт Түймебаев TAV Airports персонал жөніндегі директоры Хакан Окерге Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Құрметті докторы» атағын табыстады.

Құрметті мейман білім ордасының басшылығы мен ұжымына жылы қабылдағаны үшін алғыс білдіре отырып, TAV Airports Holding қызметімен таныстырды. Кездесу барысында дәріскер заманауи еңбек нарығындағы жағдай, білім мен ғылымның өзектілігі, технологияны дамыту бойынша өз тәжірибесімен бөлісті.

Жалғасы 2-бетте


3-бет

Бибізия ҚАЛШАБАЕВА:

**Маңдайалды ғалымдардың мектебінен өттім**

4-бет

**Тұңғыш кәсіби елші**

6-бет

**Наш университет флагман ВУЗов**








# 8 Наурызға арналған салтанатты шара өтті



Соңы. Басы 1-бетте

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Бүгінде әйелдер қауымының отбасындағы, қоғам өміріндегі және мемлекетті жан-жақты дамыту ісіндегі рөлі орасан зор. Мемлекет гендерлік теңдікті сақтауға, әйелдер құқығын қорғауға және отбасы құндылықтарын нығайтуға әрдайым баса мән береді», – деп атап өткен болатын. Сондықтан біз бүгінгі салтанатты жиынды «Жаңа Қазақстан және гендерлік теңдік» деп атап отырмыз. Университетімізде «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ әйелдерінің одағы» қоғамдық бірлестігі жұмыс істейді. Бұл бірлестік әйелдердің қоғамдағы мәртебесін, олардың университеттің саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени өміріндегі рөлін арттыруға жәрдемдеседі. Әйел-Ана – отбасының ұйытқысы, береке-бірліктің шырақшысы. Ер-азаматтар сіздерді әрдайым құрмет тұтамыз, жақсы көреміз. Мерекелеріңіз құтты болсын, үйлеріңізден қуаныш кетпесін!» – деді ректор.

Сөз соңында ЖОО басшысы Жансейіт Түймебаев университет дамуы мен ғылым саласына сіңірген елеулі еңбегі үшін әйел-оқытушыларды және әйел-ғалымдарды ҚазҰУ-дың «Ерен еңбегі үшін» медалімен, Құрмет грамотасымен және Алғыс хатпен марапаттады.

Айта кету керек, бүгінде ҚазҰУ-дың оқытушы-профессорлық құрамында 1640 қыз-келіншек жұмыс атқарады. Бұл






жалпы ғалымдар санының 65 пайызын құрайды. Оның ішінде 348 ғылым докторы, 527 ғылым кандидаты, 340 PhD докторы, 1 ҚР ҰҒА академигі және Қазақстан Жоғары мектебі Ұлттық ғылым академиясының 3 корреспондент-мүшесі бар.

Салтанатты шара концерттік бағдарламамен жалғасты. Кеш барысында оқу ордасының азаматтары өнер көрсетіп, нәзік жандардың құрметіне ән шырқап, ерекше қойылымдар қойды.

**Нұрсұлтан БАЗАРБАЙҰЛЫ**








# IT мамандарын бірлесіп даярлайды

Соңы. Басы 1-бетте

«TAV Airports холдингі қазіргі таңда IT мамандарына көп көңіл бөлуде. Алматы үшін әуежайды дамытуға бағытталған мәселелер өте маңызды. Өйткені әуежай қаланың әуе қақпасы болып табылады. Мегаполистің болашақта дамуы әуежайдың жағдайына, оның инфрақұрылымына, сервис деңгейі мен ыңғайлылығына тікелей байланысты. Бүгінде халықаралық әуежайда жолаушыларға қызмет көрсететін жаңа терминалдың құрылысы жүріп жатыр. Болашақта жаңа терминалдың іске қосылуы жолаушыларды өткізу қабілетін жылына 7 миллионнан 14 миллионға дейін арттырады және қаланың бүкіл Орталық Азиядағы транспорттық-логистикалық хабы ретіндегі позициясын нығайтады», – деді дәріскер.

Сондай-ақ Хакан Океp Алматы халықаралық әуежайының даму перспективалары туралы айтып, холдингтің болашақтағы жұмыс жоспарын таныстырды.

**Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ**

# Саммитте білім сапасына мән берілді

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ өкілдері Рас-Эль-Хайма қаласында (Біріккен Араб Әмірліктері) өткен QS Higher Education Summit: Middle East 2024 саммитіне қатысты. Ауқымды шара «Инновация мәдениеті: өркендеген Таяу Шығыс үшін білім сапасын арттыру» тақырыбына арналды.**



American University of Ras Al Khaimah (AURAK) университетінде өткен шараға әлемнің 35 елінің 470-тен астам жоғары білім саласының өкілі қатысты. Олардың қатарында Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Стратегиялық даму орталығы директорының м.а. Нұрболат Құдайбергенов және ҚазҰУ Директорлар кеңесінің корпоративтік хатшысы Қарлығаш Үсейінова болды. Саммит аясында Таяу Шығыс елдерінің жоғары оқу орындарының көрмесі ұйымдастырылды. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ бұл көрмеге платина демеушісі ретінде қатысты. Университет өкілдері барлық жоғары оқу орындарының қызметімен танысып, ақпарат алмасты.

Олар пленарлық отырыстарға қатысып, онда академиялық ұтқырлықты интернационалдандыру, жаһандық жұмысқа орналасуға жәрдемдесу, ОПҚ-ны интернационалдандыру, зерттеулердің жаһандық ықпалы мен беделін арттыру, университеттің жаһандық брендін құру мәселелерін талқылап, пікір алмасты.

«Жоғары білім бүгінгі күні аймақтық даму үшін өте маңызды және жаһанданған әлемде маңызды орын алады. Университеттер студенттерді дамып келе жатқан еңбек нарығында сұранысқа ие жаңа дағдылар мен біліммен қаруландыру үшін өз бағдарламаларын бейімдеу керек. Сонымен бірге жасанды интеллектіге ерекше назар аударған жөн және университеттер жаңа технологияны қолдана отырып, белгілі бір ережелерді сақтау арқылы оның білім сапасына қауіп төндірмейтініне көз жеткізуі керек», – деп атап өтті Н.Құдайбергенов.

Саммитке қатысушылар инновация мәдениетін ілгерілету, ғылыми-зерттеу нәтижелерін арттыру, әлемдік деңгейдегі университеттерді құруға қатысты өзекті мәселелерді талқылады.

**Гүл ҚҰТТЫБЕКҚЫЗЫ**

WWW.FARABI.UNIVERSITY
№9 (1922) 11.03.2024 ЖЫЛ
АПТАЛЫҚ 1948 ЖЫЛДЫҢ 20 СӘУІРІНЕН ШЫҒА БАСТАДЫ

# Маңдайалды ғалымдардың мектебінен өттім

**С.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің тарих факультетіне оқуға түсіп, 1987 жылы «Тарих және қоғамтану» пәнінің оқытушысы деген дипломға ие болдым. Ол кезде университетті үздік бітіргендердің бір артықшылығы – жолдама таңдау құқығы болатын. Білім және ғылым министрлігінің жолдамасымен Орал қаласындағы А.С.Пушкин атындағы педагогикалық институтта оқытушы болып екі жыл қызмет атқардым.**



1989-90 жж. аталған институттың жолдамасымен өзім білім алған қара шаңырақ – ҚазМУ-ға қайта келіп тағылымдамадан өтсем, 1990 жылы «07.00.07. – Этнография, этнология және антропология» мамандығы бойынша аспирантураға түстім. Менің ғылыми ізденісіме қазақтың маңдайалды екі үлкен ғалымы – кандидаттық диссертацияма У.Шәлекенов, докторлық диссертацияма Ә.Төлеубаев жетекшілік етті. 1994 жылы тарих, археология және этнология факультетінің жанындағы Мамандандырылған кеңестің мәжілісінде «07.00.07 – Этнография, этнология және антропология» мамандығы бойынша «Өзбекстандағы қазақтар (солтүстік-шығыс аймағы деректері бойынша)» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғасам, 2010 жылы Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты жанындағы Диссертациялық кеңестің мәжілісінде «07.00.07 – Этнография, этнология және антропология» мамандығы бойынша «Орта Азия қазақтары (тарихи-этнографиялық зерттеу)» атты тақырыпта докторлық диссертациямды қорғадым. Зерттеу жұмысымның тақырыбы да шет жерлердегі отандастарымыздың тарихы мен этнографиясына байланысты болудың өз себебі бар. Себебі 1983 жылдары Кеңес Одағының «кеңестік ұлт» идеологиясының қызып тұрған кездің өзінде-ақ алғаш рет ҚазҰУ-дың сол кездегі жас оқытушысы Ә.Төлеубаевтың жетекшілігімен біз Қазақстаннан тыс жерлердегі қазақтардың этнографиясын зерттеуді алғаш қолға алған едік. Шет жерлердегі қазақ диаспорасына қатысты кандидаттық диссертациялар қорғауды да біздің университет түлектері алғаш бастады.

Мен университет қабырғасында студент, аспирант, докторант, оқытушылықтан аға оқытушы, доцент, профессор дәрежесіне дейін жетіп, қазірге дейін қызмет етудемін. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті біз білім алған 80-жылдары студенттерге тек білім беріп қана қойған жоқ, ғылыми ізденістермен шұғылдануға баулыды. Мәселен, тарих факультетінің Археология және этнология кафедрасында қазақтың біртуар ғұламалары – Ә.Оразбаев, У.Шәлекенов, Ә.Төлеубаев, М.Елеуов, Н.Алдабергеновтер тұрақты жұмыс істесе, шақыртумен Х.Арғынбаев, О.Исмағұлов, К.Байпақов т.б. арнайы курстан дәріс берді. Осындай үлкен мектептен өткеніме қуанамын әрі мақтанамын.

1993 жылы аспирантураны бітіргеннен кейін Орал пединститутына қайтпай, өзім білім алған Археология және этнология кафедрасына жас маман, оқытушы ретінде қабылдандым. Менің аспирантурадан кейін Оралға оралмай, білім алған өз кафедрамда қызмет етіп қалуыма ықпал еткен ұстазым Уахит Шәлекенов аға мен кафедра меңгерушісі қызметіндегі Әбдеш Тәшкенұлы еді. Ол кезде міндетті түрде қалада тұрақты тіркеуің болу керек. Әбекең «кафедрада орын босады, бізде қал, бірақ тіркеуің болу керек» деді. Сонда Уахит Хамзаұлы кадр бөліміне ертіп апарып, «мына қызды қабылдай беріңдер, 1-2 аптада тіркеуді реттейді» деп табыстап еді. Осы кезеңнен бастап дәріс беруден бөлек, кафедраның оқу-әдістемелік, қоғамдық жұмыстарына да бастама көтеріп, белсене араластым. Кафедра меңгерушісі Ә.Төлеубаевтың көп жылдар орынбасары болып еңбек еттім. Факультетте республика бойынша 1991 жылы алғаш рет «Археология және этнология» мамандығы, 1995 жылы «Музей ісі және ескерткіштерді қорғау» бакалавр мамандықтарын ашуда даісқағаздарын жүргізуге атсалыстым. Ал одан кейінгі жылдары: 2004, 2006 және 2012 жылдары «05020800 – Археология және этнология», «5B020800 – Археология және этнология», «5B041900 – Музей ісі және ескерткіштерді қорғау» мамандықтары бойынша бакалавриат; 2006 және 2008 жылдары «6М020800 – Археология және этнология», «6М041900 – Музей ісі және ескерткіштерді қорғау» магистратура, «6D020800 – Археология және этнология» докторантура бойынша Жалпыға міндетті білім беру стандарттары авторларының бірі әрі үйлестірушісі, бертін келе аталған мамандықтардың білім беру бағдарламасын жасап әрі үйлестірушісі болдым. Университетіміздегі аталған мамандықтарды алғаш ашқан да біз, кейін «Археология және этнология» мамандығы бойынша Қарағанды, музей бойынша Оңтүстік Қазақстан университеті ашып, соңғы кезеңдерге дейін ҚР ЖОО-ның екі-үшеуі ғана дайындауда. Бүгінде біздің Археология, этнология және музеология кафедрасының түлектері республикадағы белді археологтар мен этнологтар, музей қызметкерлері. Олардың алды Ә.Марғұлан атындағы институт директоры (О.Ақан), Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Археология кафедрасының меңгерушісі (Ұ.Үмітқалиев), Ұлттық музей директоры м.а. (А.Сыдықов) т.б.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті тек білім беріп, маман даярлаумен ғана емес, ғылыми зерттеулермен де кеңінен айналысады. Бүгінде университетіміз ғылыми-зерттеу институтына айналған. Оның айғағы – біздің кафедра ұжымының бірнеше ғылыми жобаларды ұтып алуы. Мәселен, 2007-09 жж. ҚР БжҒМ қолданбалы зерттеулер бағдарламасы бойынша «Қазақ халқының мәдени мұраларын жинау, сақтау және насихаттау мәселелері» тақырыбындағы ғылыми жобаның жауапты орындаушысы, 2012-14 жж. ҚР БжҒМ іргелі зерттеулер бағдарламасы бойынша «Қазақ диаспорасы мен репатрианттардың этномәдени мұраларын зерттеу және тарихи Отанға бейімделу мәселелері» тақырыбындағы ғылыми жобаның жетекшісі, 2018-20 жж. ҚР БжҒМ Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты жетекшілігіндегі «Қазақстандағы субэтностар» ғылыми жобасында орындаушы, 2023-25 жж. арналған іргелі мақсатты қаржыландыру бойынша «Қазақстанның оңтүстік-шығыс және шығыс аймақтарының (Шу-Іле ауданы, Тарбағатай және Алакөл алабы) мәдени мұрасын пәнаралық (археологиялық және тарихи-этнографиялық) зерттеу» тақырыбының орындаушысы болып, зерттеу жұмыстарын жүргізудеміз.

Этнографиялық зерттеулерде далалық этнографиялық деректердің маңызы жоғары. Сондықтан өзім де 1995-96, 1996-97 жж. Түркістанның 1500 жылдығына орай ұйымдастырылған кешенді этнографиялық зерттеу экспедициясын, 1998 ж. Қазақстанда «Ұлттық тарих жылы» деп жариялануына

**Университет қабырғасындағы 30 жылдан астам қызметімде маман дайындаумен қатар (270-ке жуық, соның ішінде бес жеке және екі авторлық бірлестікте), монография, (екеуі ағылшын тілінде, оның екінші басылымы Германияның Scholar баспасынан шыққан), бес оқу құралы, үш оқу-әдістемелік құрал, 30-ға жуық шетелдік (Америка, Франция, Румыния, Үндістан, Түркия, Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан, Түрікменстан, Қалмақ АО т.б.) басылымдарда, рейтингі жоғары шетелдік ғылыми Tomsen Reuters және Scopus базасында мақалаларым жарияланған.**

байланысты «Қазақстан халықтарының мәдени мұрасын жинау» тақырыбындағы Алматы облысына ұйымдастырылған кешенді экспедициясын басқардым. Нәтижесінде «Түркістан қаласының этномәдени үдерістері» тақырыбындағы материалдар жинағын шығарсақ, Ғылым академиясынан шыққан жинаққа атсалыстым. Сондай-ақ «Түркия қазақтары – 2012», «Алматы облысындағы оралмандар – 2013», «Ақмола және Павлодар облыстарындағы оралмандардың тарихи Отанға бейімделуі – 2014», «Оңтүстік Қазақстан облысының мәдени мұраларын жинау – 2014» және т.б. этнографиялық далалық экспедицияларын басқардым. Нәтижесінде «Қазақ диаспорасының мәдени мұралары» оқу құралы, оралмандардың әлеуметтік-мәдени, тарихи Отанға бейімделу проблемалары және олардың этномәдени мұраларына қатысты сұрақнама, ұсынымдар әзірленді.

Педагогикалық қызметімде «Этнология», «Теориялық этнология», «Әлем халықтарының этнографиясы», (бакалавриат), «Этнологияның теориялық-методологиялық мәселелері», «Дәстүрлі мәдениет және модернизация», «Қазақстанның этносаясаты», «Фольклор және этнография» (магистратура), Қазақстандағы репатрианттар», «Қазақ диаспорасының мәдени мұралары», «Этнология ғылымындағы этнос және ұлт», «Қазіргі әлемдегі этносаяси үдерістер» (докторантура PhD) пәндерінен дәріс берудемін. Білім беру бағдарламасындағы аталған пәндерде білім алушылардың болашақтағы мамандығына бағыт-бағдар беріп, біліктілігі жоғары кәсіби маман болып даярлануда маңызды. Қазақстанның ашық университеті сайтының бағдарламасы бойынша да С.В.Лурьенің «Тарихи этнология» кітабы бойынша дайындалған 15 видеолекциям бар.

Университет қабырғасындағы 30 жылдан астам қызметімде маман дайындаумен қатар (270-ке жуық, соның ішінде бес жеке және екі авторлық бірлестікте), монография, (екеуі ағылшын тілінде, оның екінші басылымы Германияның Scholar баспасынан шыққан), бес оқу құралы, үш оқу-әдістемелік құрал, 30-ға жуық шетелдік (Америка, Франция, Румыния, Үндістан, Түркия, Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан, Түрікменстан, Қалмақ АО т.б.) басылымдарда, рейтингі жоғары шетелдік ғылыми Tomsen Reuters және Scopus базасында мақалаларым жарияланған.

Қазіргі кезеңде мынадай ғылыми бағыттарда: «Қазақ этнографиясы», «Қазақ диаспорасы мен репатрианттары, тарихи Отанға бейімделуіндегі мәселелер», «Қазақстандағы этносаралық қатынастар», «Қазақстандағы қазіргі кезеңдегі этникалық және этномәдени үдерістер» т.б. тақырыптарда зерттеу жұмыстарын жүргіземін. Осы тақырыптар ауқымында «Қазақстан», «Хабар», «Білім және мәдениет» т.б. телеарналарға шығып, пікір білдіремін, республикалық басылымдарға да сұхбат беріп тұрамын.

Қандай жетістікке жетсем де, соның бәрі университеттегі адал еңбегім мен ұстаздарымның, әріптестерімнің, шәкірттерімнің қолдауының арқасында деп ойлаймын.

Оқытушы-профессорлар құрамы мен қызметкерлерді, түлектерімізді, магистранттар мен студенттерді білім ордамыздың 90 жылдығымен шын жүректен құттықтаймын. Қара шаңырақтың абырайы асып, әрқашан мерейі үстем болсын!

**Бибізия ҚАЛШАБАЕВА,**
*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры, тарих ғылымының докторы*

№9 (1922) 11.03.2024 ЖЫЛ АПТАЛЫҚ 1948 ЖЫЛДЫҢ 20 СӘУІРІНЕН ШЫҒА БАСТАДЫ WWW.FARABI.UNIVERSITY

**Өткен ғасырдың басында ұлт үшін өлшеусіз қызмет еткен Алаш қайраткерлерінің ішінде Нәзір Төреқұловтың есімі ерекше құрметпен аталады. Ол кісіні ұлтымыздың арасынан шыққан тарихи тұлғалардың бірі, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері ретінде тануға тек еліміз дербес саясатын жүргізе бастаған соңғы кезде ғана мүмкіндік туды.**

# Тұңғыш кәсіби елші



Яғни Нәзір Төреқұлов – ХХ ғасыр басындағы ұлы өзгерістер кезеңінде тарих толқынымен сахнаға шыққан күрескер. Дүниетанымы демократиялық бағытта қалыптасқан мемлекет және қоғам қайраткері. Жиырмасыншы жылдары Түркістан Республикасының бірінші хатшысы болып сайланушының өзі көп жайтты аңғартқандай.

Нәзірдің ата-бабасы Оңтүстік Қазақстан облысының Қандөз ауылының төл баласы. Болашақ кеңес дипломаты, мемлекет қайраткері, ғалым 1892 жылы қазан айында Сыр бойының Түркістан өңірінде мақта саудасымен айналысатын дәулетті отбасында дүниеге келді. Әкесі Төреқұл заң және сауда қызметкері, ал анасы Гүлбаһрам – тәжік қызы, аса діндар адам болған. Төреқұлдың үш баласының тұңғышы Нәзір, екінші ұлы Әбдікадыр және Фатима атты қызы болды. Балалық, жастық шағын Қоқан қаласында өткізіп, осындағы медреседе, орыс-түзем мектебінде оқып, 1913 жылы Қоқан коммерция училищесінің сегізінші класын ойдағыдай аяқтаған Н.Төреқұлов Мәскеу коммерция институтына (қазіргі Г.В.Плеханов атындағы Ресей экономикалық университеті) оқуға түседі. Мұнда экономикалық пәндерді оқып-үйренумен қатар, Нәзірдің өзі бала жасынан зор қабілеттілігін танытқан шет тілдерді үйренудің жаңа мүмкіндігі туды. Орыс және түрік тілдерін жетік біліп, француз бен неміс тілдерінде еркін сөйлей алатын дәрежеге жетті. Мәскеу коммерция институтының 3-курсынан 1916 жылы өз еркімен Батыс майданының «Земсоюз» нұсқаушылығына сұранып, Орта Азия жастарының саяси күресін бастаған серкесіне айналды. Өз ғұмырын халық азаттығы жолындағы күреске арнаған Нәзір 1917-1920 жылдары үгітшілік, сауат ашу т.б. идеологиялық жұмыстармен айналысып, «Қазақ мұңы», «Халық газетасы», «Янги шарқ» газеттеріне редакторлық жасады. Минск маңында Қазақстаннан барған жастардан «Еркін дала» атты жасырын ұйым құрады. Ұйымның мақсаты шығыс халықтарының ұлт-азаттық қозғалысына көмектесу еді.

1927 жылы Нәзір Төреқұлов БКП(б) ОК-ның және КСРО Сыртқы істер халық комиссариатының резервіне алынады. Яғни сыртқы істер наркомы тәжірибесі мол, білімді адам ретінде оны осы іске лайықты деп тапты. Сол жылдары Нәзір Төреқұловтың кандидатурасын жақтаған КСРО Сыртқы істер халық комиссариаты Сталиннің атына ресми хат жолдайды. Сталин оны осы орынға лайықты деп тауып, келісімін береді. 1927 жылдың 24 қарашасындағы Саяси бюроның мәжілісінде (№137 хаттама) жолдас Н.Төреқұловты Хиджаз, Неджд және біріктірілген аймақтарға елші етіп жіберу жөнінде шешім қабылданады.

1928 жылы небәрі 36 жасында ол Хиджаздағы (Сауд Арабиясы) КСРО-ның өкілетті уәкілі болып тағайындалады. Ол кезде мұндай жауапты қызметке жас адамның тағайындалуы дипломатиялық тәжірибеде өте сирек кездесетін жайт. Сауд Арабиясында екі жыл жұмыс істегеннен кейін, 1930 жылы ақпанда Нәзір Төреқұлов Ханзада Фейсалға төтенше және өкілетті елші ретінде сенім грамоталарын тапсырды. Бұл мұсылман әлемінің рухани орталығы – Мекке қаласында болды. Жаңадан іргесі қаланып, әлемді тек мұнаймен ғана емес, рухани байлығымен де аузына қаратқан Сауд Арабиясына КСРО-ның елшісі болу әншейінгі кезекті қызмет емес еді.

Сауда-саттық, шаруашылық саласында жасаған ұлан-ғайыр қызметімен қатар, король отбасымен жақын араласып, игілікті көп істер атқарады. Король Әбдел Әзиз әл-Саудтың мұрагері Ханзада Фейсалдың КСРО-ға 10 күн бойы сапар шегуін ұйымдастыруы да елшілік қызметіндегі үлкен табысы, айрықша қайраткерлігі еді. Оның терең білімі мен кәсіби дағдысына, адами болмысына тәнті болған король мен оның отбасы оған ерекше құрмет көрсетті. Ауғанстан, Түркия, Иран, Ирак, Сирия, Иордания елшілерімен де араласып, достық қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік туғызуы сол кезде елшілікке қазіргідей жағдай туғызылмағанын ескерсек, адам сенбейтін ерлік еді. Сондай-ақ Н.Төреқұловтың еңбекқорлығы, батыл ойы, жергілікті шейхтермен қатар, «антагонистердің» – Англиядан, басқа да Батыс Европа елдерінен келген дипломаттардың тілін тапқан шеберлігі қайран қалдырады.

Н.Төреқұловтың Сауд Арабиясындағы сегіз жылға созылған дипломатиялық қызметі бірнеше ғасырлық тәжірибесі бар Ресей дипломатиясында да жоғары бағаланып отырғаны қуанышты. Ол кезеңде ұзақ уақыт елшілік қызметте болған Н.Төреқұлов қана болды. Сонымен қатар оның елшілік дарыны мен күш-жігері Сауд Арабиясы тарапынан да өте жоғары бағаға ие болғаны аян.

1936 жылдың басында дипломат Мәскеуге шақырылды. Шамамен бір жыл КСРО ОСК Ұлттар кеңесінің жанындағы Тіл және жазу институтында аға ғылыми қызметкер болып жұмыс істеді.

1937 жылы 3 қарашада пантюркистік үгіт-насихат және «Кеңес өкіметінің басшыларымен күресудің террористік әдістеріне» шақыру бойынша алыпсатарлық айып тағылып, сол күні атылды. Осы кезден бастап Сауд Арабиясы Корольдігі мен Кеңес Одағы арасындағы қарым-қатынас жарты ғасырға жуық уақытқа тоқтатылды.

Тарихи әділеттілік тек 1958 жылы, Төреқұловты Жоғарғы соттың Әскери алқасы қылмыс құрамының жоқтығынан ақтаған кезде ғана жеңіске жетті. КСРО мен Сауд Арабиясы арасындағы қарым-қатынас тек 1990 жылы қалпына келді.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев ол туралы былай деп жазады: «Нәзір Төреқұлов өткен ғасырдың 30-жылдарындағы саяси аспанда жарқын құйрықты жұлдызбен ұшты. Алайда Нәзір Төреқұловтың тағдыры қай жерге тасталса да, ол өзін Кеңес мемлекетінің жарқын болашағына шын жүректен сенетін сезімтал саясаткер, зерек, жігерлі адам ретінде көрсетті. Ол өз халқының және өлкесінің патриоты болды. Н.Төреқұловтың тек мемлекет қайраткерлеріне ғана тән кәсіби асыл қасиеттері, нәзік және көреген талғампаздық таланты, оның өмірінің дипломатиялық кезеңінде барынша айқын көрінді».



Қазіргі уақытта Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті халықаралық қатынастар факультетінде Нәзір Төреқұлов атындағы конференц-зал жұмыс істейді. Мемлекет және қоғам қайраткері, ғалым, дипломат Нәзір Төреқұлов атындағы аудиторияда түрлі халықаралық ғылыми конференциялар, симпозиумдар, дәрістер, сабақтар, шетелдік ғалымдар мен профессорлардың кездесулері өтіп тұрады.

Өткен жылдары Нәзір Төреқұловтың 130 жылдығына арналып, ҚазҰУ-дың «Қазақ университеті» баспасынан «Ғибратты ғұмыр» сериясымен «Нәзір Төреқұлов» атты көлемді кітабы шықты. Бұл кітаптың маңыздылығы – еліміздің көрнекті тұлғалары мен нәзіртанушылардың жүрекжарды пікірлері мен ғылыми ізденістерінің берілуі, оған деген қызығушылық танытуында. Мәселен, ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Ж.Түймебаев мырза басылымға алғы сөз жазды. Ол «Қазақтан шыққан тұңғыш елші, саясаткер, ірі реформатор, ағартушы, баспагер-журналист, дарынды мемлекет және қоғам қайраткері Нәзір Төреқұловтың қайраткерлігі келер ұрпаққа үлгі-өнеге. Халқымыздың рухани жаңғыруына өзек болған Нәзір Төреқұловтай тұлғаның мұраттары қазақ халқымен бірге биіктей бермек», – деп атап өтті.

ҚазҰУ-да жылда «Фараби оқулары» атты ғылыми форумы өткізіліп тұрады. Міне, осы ғылыми форумда «Дипломатия және ұлттық мүдделер» атты Нәзір Төреқұлов оқулары және басқа да ғылыми жиындар ұйымдастырылып, онда факультеттің оқытушы-профессорлар құрамы мен жас ғалымдары өз ғылыми ізденістерін ортаға салып, пікір алмасып отырады.

Халқына қалтқысыз қызмет етіп, соңына өшпейтін мол мұра қалдырған Алаштың адал перзенті, мемлекет және қоғам қайраткері Н.Төреқұлов жұлдызы жыл өткен сайын нұрланып, жарқырай бермек. Оның өнегелі мұрасы тек қазақ дипломатиясына ғана емес, келешекте салиқалы саясатымызға үлкен жол ашары анық. Ұлт рухын ұлықтаған халқымыздың осындай тұғыры биік асыл тұлға азаматын кейінгі ұрпақ жадында мәңгі сақтағаны абзал. Ұлт тұлғасын ұлықтау – ел мерейі. Ер есімі ел есінде және болашақ ұрпақтың жадында нақышпен тасқа жазылғандай мәңгі қала бермек.

Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы «Ел – бүгіншіл, менікі – ертең үшін» деген. Ертеңі үшін, болашақ үшін талмай еңбек етіп, артында мол мұра қалдырған Нәзір Төреқұловтың есімі мәңгілік ел есінде болмақ.

**Әсел ХАМЗАЕВА,**
*PhD, доцент м.а.*
**Жаппар ЖҰМАН,**
*профессор*
*Халықаралық қатынастар және әлемдік экономика кафедрасы*

**XXI ғасыр университетіне жүктеліп отырған гуманитарлық миссиялардың бірі – ақыл-ой орталықтарын қалыптастыру жұмысын жүргізу және заманауи сараптамалық-талдау қызметін жетілдіру. Бұл екеуі де атүсті қолға алынатын шаруа емес. Жауапкершілігі жоғары, сондықтан барынша ізденісті талап етеді. Осы орайда, ҚазҰУ-дың оқытушы-профессорлары бүгінгі күннің өзекті мәселелерін талқылап-саралауға ұдайы қатысып, қоғамдағы қандай да бір түйіннің шешу жолдарын ұсынып келеді. «Бүгінде ғылымның қай саласында болсын кәсіби сараптамалық этос толықтай қалыптасты», – дейді Философия кафедрасының меңгерушісі Әсет Құранбек.**

# ҚазҰУ ғалымы – Ұлттық құрылтай құрамында



«Qazaq unıversıtetı» газеті өз оқырмандарына жағымды жаңалықты жеткізгісі келеді. Қара шаңырақ университетіміздің 90 жылдығы қарсаңында Философия кафедрасының аға оқытушысы, заң ғылымының кандидаты Қазыбек Нұрсейітұлы Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Ұлттық құрылтай құрамына мүшелікке қабылданды.

Ұлттық құрылтай – қоғамдық бірігуді одан әрі дамыту жөніндегі идеялар мен қадамдарды тұжырымдайтын консультативтік-кеңесші орган. Аз уақыт ішінде ел өміріне қажетті заңдар мен саяси реформалардың бес түрлі пакетін қабылдауға мұрындық болды. Жаңа Қазақстанның демократиялық бастамаларын талқылайтын ықпалды қоғамдық-саяси алаңға айналуда.

Қазыбек Дәуітәлиев бүгінде Алматы облыстық қоғамдық кеңесінің Ішкі саясат, тілдерді дамыту, ономастика, спорт, мәдениет, жастар саясаты, ұлтаралық және діни қатынастар мәселелері жөніндегі комиссия төрағасы болып қоғамдық жұмыс атқарады. Қоғам өміріне қажетті заңдарды әзірлеуде қомақты үлес қосып жүрген жас ғалым. Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың конституциялық реформалары аясында «Конституциялық сот туралы» конституциялық заңды әзірлеу тобында жұмыс істеді. «Қоғамдық бақылау туралы» Қазақстан Республикасы заңының жобасын әзірлеу жұмыстарына белсене қатысты. ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігіне қарасты Азаматтық бастамаларды қолдау орталығының тұрақты сарапшысы ретінде үкіметтік емес ұйымдардың дамуына да үлес қосуда.

Ұлттық құрылтайдың құрамына университетіміздің оқытушы-профессорлары мен ғалымдарының енуі лайықты әрі оң құбылыс. Бұл үрдіс жалғасын табады деген сенімдеміз және Қазыбек Нұрсейітұлының жұмысына табыс тілейміз.

**Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ**

WWW.FARABI.UNIVERSITY №9 (1922) 11.03.2024 ЖЫЛ АПТАЛЫҚ 1948 ЖЫЛДЫҢ 20 СӘУІРІНЕН ШЫҒА БАСТАДЫ

# Үлкен өмірге жолдама берді

**Қазақ ұлтының басы айдауда, бармағы шайнауда жүрген кезеңдер аз емес. Сондай бір сұрапыл шақтар өткен ғасырдың басы, дәлірек айтсақ 30-жылдар.**



Босқан халықтың бір бөлігі қиыр қонып, шет жайлап шекара асса, туған Отанда қалған бөлігі бұратана атанып, әр саладағы көшбасшы тұлғалары шетінен атылып, асылып, ұрпағы күні кешеге дейін шеккі көрген, ұлттық тарихымызда өшпес дақ қалдырған кесапат дәуір. Сол қылышынан қан тамған Кеңестер Одағының балға мен орақка құрылған идеологиялық саясаты бұратана жұртты жұдырығында ұстау үшін ғылым, тарих, білім, мәдениет бағытында үлкен жобалар жүзеге асырды. Ғылым мен білімнің қара шаңырағына баланған ҚазҰУ сондай бір елең-алаң шақта құрылған тарихи орда. Басына алағай да бұлағай кезеңдер кешкен ұлы шаңырақтың күнгей-терiскейі, дәуірлеген шақтары тарих таспасында жазулы.

Біз осы тарихы мен тамыры терең оқу ордасының қабырғасында тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында білім алдық. Әйгілі ұстаздардың алдын көрдік. Кесіп айтқанда, үлкен өмірге жолдама берді. Басымызға баспана, бауырымызға қазан болды.

Университетіміздің негізгі органы саналған «Qazaq universiteti» газеті журналист болсам деген үлкен арманмен келген біздің ай сайын күтетін негізгі басылымдар қатарын толықтырды. Алақандай ғана форматпен шықса да, біз үшін Алатаудай басылым болды. Ол кезде басылымның фирмасы кирилл қарпімен жазылатын. Университетіміздің тыныс-тіршілігі, әр факультетте өтіп жататын сан түрлі шаралар студенттер газетінде жарық көретін. Таласа-тармаса оқитынбыз. Әсіресе журналистика факультетінің студенттері үшін өте ыстық газет.

Өзіміз де осы газеттің жарық көруіне қолғабыс жасаған кездеріміз болды. Мен «Алматы ақшамы» газетінде толық штатта қызмет жасай жүріп, өзіміздің төл газетімізге де мақалалар жаздым, өлеңдерім де жарық көрді. Оймақтай ғана фамилиямызға көзі түскен Қожакеев секілді ұлы ұстаздардың бата-тілегі әлі санамызда сайрап тұр.

Сол тұста ардақты ұстаздарымыз Сағатбек Медеубекұлы, Кәкен Қамзин, Қайрат Сақ кезең-кезеңімен осы басылымға басшылық жасады.

Жүздеген тұлғаларға, мыңдаған шәкірттерге қанат болған шаңырағымыздың торқалы 90 жылдық тойы құтты да қайырлы болсын!

**Жанарбек ӘШІМЖАН,**
*ҚР Президенті сыйлығының лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты*



# Шаңырақ

## («Qazaq universiteti» газетіне)



Жаңылмай ұлы жолдан, басты арнадан,
Өткен шың, асу бермес асқарлардан.
Үні боп университет маңдайалды,
Тынысын, шежіресін таспалаған.

Тарихтан алып енші, шын бағасын,
Заңғарлар бастауында тұрған асыл.
Тізбектеп күн мен айлар, жылдар легін,
Қаттаған сан кезеңнің жылнамасын.

Өзіңдей талай сырды айта алған кім?
Тағдырын сен де «ұлтшыл» қайталадың.
Өзіңде табы қалған, оты жанған,
Марғасқа, небір дүлдүл, майталманның.

Тар жолда тайғақ кешіп тоналды арман,
Тағдыры талай жастың торда қалған.
Кезінде Желтоқсанның құғын көріп,
Жабылмай аман қалған зобалаңнан.

Бейнеңді елмен бірге жаңаладың,
Тұлпардай талай топта дараландың.
Келесің жақсылықтың жаршысы боп,
Көзіндей алыптар мен замананың.

Қадірлі басылымсың көбіне үлгі,
Құрметтеп саған әркез төрін берді.
Бар ұжым, ғалым-ұстаз, студент те,
Күтеді асыға әр нөміріңді.

Жас өркен биік мұрат талаптары,
Өзіңнен бастап жолын қанаттанды.
Сыпырып томағасын, жол көрсетіп,
Таныттың тасадағы таланттарды.

Атағы мұхит асқан ғалымды да,
Көк туды желбіреткен нар ұлды да.
Келесің әр мезетті сүйіншілеп,
Жалықпай Әл-Фараби даңғылында.

Мыңдаған жүрекке жол таба алатын,
Жолбасшы, алтын көпір саналатын.
Жаңа бер, жарқырай бер, шаңырақ боп,
Арқалап ғасырлардың аманатын!

**Нұрсұлтан МЫҚТЫБАЙ,**
*Қазақстанның баспасөз, радио және интернет-журналистика саласындағы «Үркер» ұлттық сыйлығының, Шолохов атындағы халықаралық медальдің иегері*

**Бәрі күні кешегідей көз алдымда. Ол күнді, «Qazaq universiteti» газетінің сол күнгі нөмірін қалайша ұмытайын?! Ұлттық университеттің көзі, құлағы һәм тіліне айналған басылымның 2014 жылдың 6 мамырындағы №17 (1527). Осы нөмірдің 6-бетінде жарияланған Әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс кафедрасының оқытушысы С.М.Болысбаеваның «Махаббат, қызық мол жылдар...» деп аталатын шағын мақаласында менің де аты-жөнім аталыпты.**

# Айнымас дос, сенімді сырлас





Бұл Қызылорданың облыс орталығынан шалғайда жатқан Жанкент дейтін ауылдың шағыл құмын кешіп өскен қарадомалақ бала үшін ғана емес, оның ата-анасы үшін де өте үлкен жетістік еді. Екінші жағынан, «Qazaq universiteti» газетінде есімің аталды деген сөз – «маңдайалды студент болдың» дегенді меңзейтін. Ол кезде университеттік газетке шығу абырой ғана емес, үлкен дәреже де болатын. Ендеше ауылдан арман арқалап, ару қала Алматыға келген, еліміздегі ғана емес, әлемдегі жетекші әрі көшбасшы оқу орнына мемлекеттік грант бойынша қабылданған 1-курс студенті үшін бұдан артық қандай жетістік керек?!

